

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРАЛІГІ  
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ  
Ш.Ш. УӘЛИХАНОВ АТЫНДАҒЫ ТАРИХ ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ



# «EDU.E-HISTORY.KZ» ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ



2023.10 (4)  
қазан-желтоқсан

ISSN 2710-3994



ISSN 2710-3994 (online)

*Құрылтайшысы және баспагері:* Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Ғылыми журнал Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2014 ж. 29 қазанында тіркелген. Тіркеу нөмірі № 14602-ИА. Жылына 4 рет жарияланады (электронды нұсқада).

Журналда тарих ғылымының *келесі бағыттары* бойынша ғылыми жұмыстар жарияланады: тарих (дүниежүзі және Қазақстан тарихы), деректану және тарихнама, археология, этнология, антропология.

*Жарияланым тілдері:* қазақ, орыс, ағылшын.

*Редакция мен баспаның мекен-жайы:*

050010 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй

ҚР ҒЖБМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Тел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

E-mail: [edu.history@bk.ru](mailto:edu.history@bk.ru)

Журнал сайты: <https://edu.e-history.kz>

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы  
Тарих және этнология институты 2023  
© Авторлар ұжымы, 2023

**БАС РЕДАКТОР**

**Қабылдинов Зиябек Ермұқанұлы** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі, ҚР ҒЖБМ ҒКШ.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының директоры. (Қазақстан)

**РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА**

**Аяған Бүркітбай Ғелманұлы** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҒЖБМ ҒК Мемлекет тарихы институты директорының орынбасары. (Қазақстан)

**Әлімбай Нұрсан** — тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

**Әбіл Еркін Аманжолұлы** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институтының директоры. (Қазақстан)

**Вернер Кунтһиа (Werner, Cynthia)** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Техас университеті. (АҚШ).

**Голден Кэтти Стромайл (Kathie Stromile Golden)** — PhD, Миссисипи өңірлік мемлекеттік университеті (Mississippi Valley State University). (АҚШ)

**Кәрібаев Берекет Бақытжанұлы** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, «Қазақстан тарихы» кафедрасының меңгерушісі. (Қазақстан)

**Қожамжарова Дария Пернешқызы** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің ректоры. (Қазақстан)

**Кожирова Светлана Басиевна** — саясаттану ғылымдарының докторы, профессор, Фудан Университетінің Қытай және Орталық Азияны зерттеу орталығының мен «Астана» ХҒК бірлескен директоры. (Қазақстан)

**Дайнер Александр (Diener Alexander)** — тарих ғылымдарының докторы, профессор. Канзас университеті. (АҚШ)

**Көкебаева Гүлжауһар Какенқызы** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті. (Қазақстан)

**Көмеков Болат Ешмұхамедұлы** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Халықаралық қыпшақтану институтының директоры, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан)

**Матыжанов Кенжехан Ісләмжанұлы** — филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі, М.О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының директоры. (Қазақстан)

**Моррисон Александр (Morrison Alexander)** — PhD, Оксфорд университетінің профессоры. (Ұлыбритания)

**Муминов Ашірбек Құрбанұлы** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Ислам тарихы, өнер және мәдениет ғылыми-зерттеу орталығының аға ғылыми қызметкері IRCICA – İslam Tarih, Sanat ve Kültür Araştırma Merkezi. (Түркия)

**Римантас Желвис (Želvys Rimantas)** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Вильнюс педагогикалық университеті. (Литва)

**Самашев Зайнолла Самашұлы** — археолог, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Герман археология институтының корр.-мүшесі. ҚР ҒЖБМ ҒК Ә. Марғұлан атындағы Археология институты. (Қазақстан)

**Смағұлов Оразақ Смағұлұлы** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Балон ғылым академиясының корр.-мүшесі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты, ғылым мен техниканың еңбек сіңірген қайраткері, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан)

**Сыдықов Ерлан Бәтгашұлы** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры. (Қазақстан)

**Таймағамбетов Жәкен Қожахметұлы** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР Ұлттық музейі. (Қазақстан)

**ЖАУАПТЫ РЕДАКТОР**

**Қаипбаева Айнагүл Толғанбайқызы** — тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының жетекші ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

**ҒЫЛЫМИ РЕДАКТОРЛАР**

**Қозыбаева Махаббат Мәлікқызы** — PhD, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының Астана қаласындағы филиалының директоры. (Қазақстан)

**Қапаева Айжан Тоқанқызы** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының Бас ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

**Қубеев Рустем Жаулыбайұлы** — Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

**ТЕХНИКАЛЫҚ ХАТШЫ**

**Копеева Сания Жуматайқызы** — Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының қызметкері. (Қазақстан).

ISSN 2710-3994 (online)

*Учредитель и издатель:* РГП на ПХВ «Институт истории и этнологии им.Ч.Ч. Валиханова»  
Комитета науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан

Научный журнал зарегистрирован в Комитете связи, информатизации и информации  
Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан, свидетельство  
о регистрации:

№ 14602-ИА от 29.10.2014 г. Публикуется 4 раза в год (в электронном формате).

В журнале публикуются научные работы *по следующим направлениям* исторической науки:  
история (всемирная история и история Казахстана), источниковедение и историография,  
археология, этнология, антропология.

*Языки публикации:* казахский, русский, английский.

*Адрес редакции и издательства:*

050010 Республика Казахстан, г. Алматы, ул. Шевченко, д. 28

РГП на ПХВ Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова КН МНВО РК

Тел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

Е-mail: [edu.history@bk.ru](mailto:edu.history@bk.ru)

Сайт журнала: <https://edu.e-history.kz>

© Институт истории и этнологии  
имени Ч.Ч. Валиханова, 2023  
© Коллектив авторов, 2023

**ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР**

**Кабульдинов Зиябек Ермуханович** — доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова КН МНВО РК. (Казахстан)

**РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ**

**Алимбай Нурсан** — кандидат исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан)

**Абиль Еркин Аманжолович** — доктор исторических наук, профессор, директор Института истории государства КН МНВО РК. (Казахстан)

**Аяган Буркитбай Гелманович** — доктор исторических наук, профессор, заместитель директора Института истории государства КН МНВО РК. (Казахстан)

**Вернер Синтия (Werner, Cynthia)** — доктор исторических наук, профессор. Техасский университет. (США)

**Голден Кэти Стромайл (Kathie Stromile Golden)** — PhD, Государственный университет долины Миссисипи (Mississippi Valley State University). (США)

**Дайнер Александр (Diener Alexander)** — доктор исторических наук, профессор. Канзасский университет. (США)

**Исмагулов Оразак Исмагулович** — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, член-корр. Болонской академии наук, лауреат премии им. Ч.Ч. Валиханова, заслуженный деятель науки и техники, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. (Казахстан)

**Карибаев Берекет Бахытжанович** — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, заведующий кафедрой истории Казахстана, Казахский национальный университет им. аль-Фараби. (Казахстан)

**Кожамжарова Дария Пернешовна** — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Южно-Казахстанского университета им. М. Ауэзова. (Казахстан)

**Кожирова Светлана Басиевна** — доктор политических наук, профессор, содиректор Центра исследования Китая и Центральной Азии Фуданьского Университета и МНК «Астана», руководитель Центра китайских и азиатских исследований. (Казахстан)

**Кокебаева Гульжаухар Какеновна** — доктор исторических наук, профессор Казахского национального педагогического университета имени Абая. (Казахстан)

**Кумеков Болат Ешмухамбетович** — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, директор Международного института кипчаковедения Казахского национального университета имени аль-Фараби, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. (Казахстан)

**Матыжанов Кенжехан Слямжанович** — доктор филологических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Института литературы и искусства им. М. Ауэзова. (Казахстан)

**Моррисон Александр (Morrison Alexander)** — PhD, профессор Оксфордского университета. (Великобритания)

**Муминов Аширбек Курбанович** — доктор исторических наук, профессор, старший научный сотрудник Исследовательского центра исламской истории, искусства и культуры. IRCICA – İslâm Tarih, Sanat ve Kültür Araştırma Merkezi. (Турция)

**Римантас Желвис (Želvys Rimantas)** — доктор педагогических наук, профессор, Вильнюсский педагогический университет. (Литва)

**Самашев Зайнолла Самашевич** — археолог, доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. Германского археологического института. Институт археологии им. А. Маргулана КН МНВО РК. (Казахстан)

**Сыдыков Ерлан Батташевич** — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева. (Казахстан)

**Таймагамбетов Жакен Кожаметович** — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, Национальный музей РК. (Казахстан)

**ОТВЕТСТВЕННЫЙ РЕДАКТОР**

**Каипбаева Айнагуль Толганбаевна** — кандидат исторических наук, ведущий научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан)

**НАУЧНЫЕ РЕДАКТОРЫ**

**Козыбаева Махаббат Маликовна** — PhD, директор филиала в г. Астана Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан).

**Капаева Айжан Токановна** — доктор исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан).

**Кубеев Рустем Джаулыбайулы** — научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан).

**ТЕХНИЧЕСКИЙ СЕКРЕТАРЬ**

**Копеева Сания Жуматаевна** — сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан).

ISSN 2710-3994 (online)

*Founder and publisher:* RSE on REM “Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology” of the Committee of Science of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan

The scientific journal is registered at the Committee for Communications, Informatization and Information of the Ministry for Investments and Development of the Republic of Kazakhstan, registration certificate: No. 14602-ИА dated October 29, 2014. The journal is published 4 times a year (in electronic format).

The journal publishes scientific works in the *following areas* of historical science: history (world history and history of Kazakhstan), source studies and historiography, archeology, ethnology, anthropology.

*Publication languages:* Kazakh, Russian, English.

*Editorial and publisher address:*

28 Shevchenko Str., 050010, Almaty, Republic of Kazakhstan

RSE on REM Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology CS MSHE of the Republic of Kazakhstan

Tel.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

E-mail: [edu.history@bk.ru](mailto:edu.history@bk.ru)

Journal website: <https://edu.e-history.kz>

© Ch.Ch. Valikhanov Institute  
of History and Ethnology, 2023

© Group of authors, 2023

© Коллектив авторов, 2023

**EDITOR-IN-CHIEF**

**Kabuldinov Ziabek Ermukhanovich** — Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Director of Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology SC MSHE RK. (Kazakhstan)

**EDITORIAL BOARD**

**Alimbay Nursan** — Candidate of Historical Sciences, Professor, Chief Researcher at the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

**Abil Yerkin Amanzholovich** — Doctor of Historical Sciences, Professor, Director of the Institute of History of the State CS MES RK. (Kazakhstan)

**Ayagan Burkitbai Gelmanovich** — Doctor of Historical Sciences, Professor, Deputy Director of the Institute of History of the State SCMSHE RK. (Kazakhstan)

**Werner, Cynthia** — Doctor of Historical Sciences, Professor, Texas university. (USA)

**Golden Kathie Stromile** — PhD, Mississippi Valley State University. (USA)

**Ismagulov Orazak Ismagulovich** — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Corresponding Member of Bologna Academy of Sciences, winner of Ch.Ch. Valikhanov Award, Honored Worker of Science and Technology, Professor of L.N. Gumilyov University. (Kazakhstan)

**Karibayev Bereket Bakhytzhonovich** — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Head of the Department of History of Kazakhstan, Al-Farabi Kazakh National University. (Kazakhstan) **Kozhamzharova Daria Perneshovna** — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the NAS of the Republic of Kazakhstan, rector of the M. Auezov South Kazakhstan University. (Kazakhstan)

**Kozhirova Svetlana Bassieva** — Doctor of Political Science, Professor, Co-Director of the Center for the Study of China and Central Asia of Fudan University and the International Scientific Complex of the National Company "Astana", Head of the Center for Chinese and Asian Studies. (Kazakhstan)

**Diener Alexander** — Doctor of Political Science, Professor, University of Kansas. (USA)

**Kokebayeva Gulzhaukhar Kakenovna** — Doctor of Historical Sciences, Professor at the Abai Kazakh National Pedagogical University. (Kazakhstan)

**Kumekov Bolat Eshmukhambetovich** — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Director of the International Institute of Kipchak Studies of the Al-Farabi Kazakh National University, Professor at L.N. Gumilyov Eurasian National University. (Kazakhstan)

**Matyghanov Kenzhekhan Slyamzhanovich** — Doctor of Philology, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of M. Auezov Institute of Literature and Art. (Kazakhstan)

**Morrison Alexander** — PhD, Professor, University of Oxford. (UK)

**Muminov Ashirbek Kurbanovich** — Doctor of Historical Sciences, Professor, Senior Researcher at the Research Center for Islamic History, Art and Culture. IRCICA (İslâm Tarih, Sanat ve Kültür Araştırma Merkezi). (Turkey)

**Rimantas Želvys** — Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Vilnius Pedagogical University. (Lithuania)

**Samashev Zainolla Samashevich** — archaeologist, Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of German Archaeological Institute. A. Marghulan Institute of Archeology SC MSHE RK. (Kazakhstan)

**Sydykov Erlan Battashevich** — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Rector of L.N. Gumilyov Eurasian National University. (Kazakhstan)

**Taimagambetov Zhaken Kozhakhmetovich** — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, National Museum of the Republic of Kazakhstan. (Kazakhstan)

**EXECUTIVE EDITOR**

**Kaipbayeva Ainagul Tolganbayevna** — Candidate of Historical Sciences, leading researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology (Kazakhstan).

**ACADEMIC EDITOR**

**Kozybayeva Makhabbat Malikovna** — PhD, Director of Astana branch of the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

**Kapaeva Aizhan Tokanovna** — Doctor of Historical Sciences, Professor, Chief Researcher at the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

**Kubeyev Rustem Dzhaulybayuly** — researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

**TECHNICAL SECRETARY**

**Kopeyeva Saniya Zhumataevna** — researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)




## ТАРИХ / ИСТОРИЯ / HISTORY

Published in the Republic of Kazakhstan. Edu.e-history.kz  
 Has been issued as a journal since 2014  
 ISSN 2710-3994.  
 Vol. 10. Is. 4, pp. 692–703, 2023  
 Journal homepage: <https://edu.e-history.kz>


FTAXP / МПНТИ / IRSTI 03.20.  
[https://doi.org/10.51943/2710-3994\\_2023\\_36\\_4\\_692-703](https://doi.org/10.51943/2710-3994_2023_36_4_692-703)

**KAZAKH KHANATE AND MOGHOLISTAN (15th–16th CENTURIES)**

*Kairken Adiyet*<sup>1\*</sup>, *Zhabai Kaliyev*<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Institute of History of the State of the MSHE RK  
 (4, Beibitshilik Str., 010000 Astana, Republic of Kazakhstan)  
 Senior Researcher, PhD  
 <https://orcid.org/0000-0002-1127-2664>. E-mail: [kairken82@gmail.com](mailto:kairken82@gmail.com)

\*Corresponding author

<sup>2</sup>Institute of History of the State of the MSHE RK  
 (4, Beibitshilik Str., 010000 Astana, Republic of Kazakhstan)  
 Deputy Director, Candidate of Pedagogical Sciences  
 <https://orcid.org/0000-0002-7469-0396>. E-mail: [kaliev\\_zhabai@mail.ru](mailto:kaliev_zhabai@mail.ru)

© Ch.Ch. Valikhanov IHE, 2023  
 © Adiyet K., Kaliev Zh., 2023

**Abstract.** *Introduction.* The history of the Moghuls, who became the first Turkic-Mongolian state, is one of the least studied topics in the political and cultural history of medieval Kazakhstan. The historical significance of "Moghulistan" in the history of the Kazakhs not only predetermined the further fate of the Kazakhs. The early history of the Kazakh Khanate itself is connected with the history of this state. *Goals.* Analysis and replenishment of information related to the history of the "Moghulistan State" in domestic historical science. The article is intended to consider the period of the emergence, flourishing and decline of the khaganate, called the "eastern Chagatai ulus", the "state of Mogolstan". The article is intended to consider the period of the emergence, flourishing and decline of the khaganate, called the "eastern Chagatai ulus", the "state of Mogolstan". *Result.* Based on the analysis of historical data, it was revealed in detail that the Kazakh Khanate was in various relationships with Mogulistan. Studied the relations of the Kazakh Khanate with Moghulistan, which is the most important in the foreign policy history of the early period. *Conclusions.* Based on the analysis of historical materials, the authors showed and concluded that the Moghulistan in the history of the Kazakhs is one of the countries that stand at the origins of the Kazakh statehood.

**Keywords:** Ulus of Chagatai, Kazakh, Zhetysu, Mahmud ibn Wali, East Turkestan, Mughal, Kazakh Khanate, Desht-i-Kipchak, Moghulistan

**Acknowledgment.** The work was carried out with the financial support of the Ministry of Science and higher education of the Republic of Kazakhstan (program-targeted financing No. BR18574101).

**For citation:** Adiyet K., Kaliev Zh. Kazakh khanate and Moghulistan (15–16 centuries) // Electronic scientific journal "edu.e-history.kz". 2023. Vol. 10. No. 4. Pp. 692–703. (In Kaz.). DOI: 10.51943/2710-3994\_2023\_10\_4\_692-703



## XV–XVI ғғ. ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ ЖӘНЕ МОҒОЛСТАН МЕМЛЕКЕТІ

Әдиет Қайыркен Балтағұлұлы<sup>1\*</sup>, Жабай Қалиев<sup>2</sup>

<sup>1</sup>ҚР ҒЖБМ Мемлекет тарихы институты  
(4-үй, Бейбітшілік көш. 010000 Астана, Қазақстан Республикасы) Аға ғылыми қызметкер, PhD

📄 <https://orcid.org/0000-0002-1127-2664>. E-mail: [kairken82@gmail.com](mailto:kairken82@gmail.com)

\*Автор-корреспондент

<sup>2</sup>ҚР ҒЖБМ Мемлекет тарихы институты  
(4-үй, Бейбітшілік көш. 010000 Астана, Қазақстан Республикасы) Директор орынбасары, п.ғ.к.

📄 <https://orcid.org/0000-0002-7469-0396>. E-mail: [kaliiev\\_zhabai@mail.ru](mailto:kaliiev_zhabai@mail.ru)

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы ТЭИ, 2023

© Әдиет Қ.Б., Қалиев Ж., 2023

**Аңдатпа.** *Kіріспе.* Алғашқы түркі-моңғол мемлекеті болған Моғолстан тарихы ортағасырлық Қазақстанның саяси және мәдени тарихындағы ең аз зерттелген тақырыптардың бірі. Моғолстанның қазақтар тарихындағы тарихи маңызы қазақтардың болашақ тағдыры анықталып қана қойған жоқ, Қазақ хандығының алғашқы тарихы осы мемлекеттің тарихымен тығыз байланысты болды. *Зерттеудің мақсаты.* Отандық тарих ғылымындағы «Моғолстан мемлекеті» тарихына қатысты мәліметтерді сараптап толықтыру. Мақалада «Шығыс Шағатай ұлысы», «Моғолстан мемлекеті» аталған қағандықтың құрылуы, гүлденуі және құлдырауы кезеңін қарастыру көзделген. *Нәтижелер.* Тарихи дереккөздерді талдау негізінде Қазақ хандығы Моғолстанмен түрлі қарым-қатынаста болғандығы жан-жақты айшықталды. Қазақ хандығының алғашқы кезеңіндегі сыртқы саяси тарихындағы аса маңызды болып табылатын Моғолстанмен қарым-қатынасы зерделенді. *Қорытынды.* Тарихи материалдарды талдау негізінде авторлар қазақтар тарихындағы Моғолстан мемлекеті қазақ мемлекеттігінің бастауында тұрған елдердің бірі екендігін көрсетіп, тұжырым жасалды.

**Түйін сөздер:** Шағатай ұлысы, қазақтар, Жетісу, Махмұд ибн Уәли, Шығыс Түркістан, моғол, Қазақ хандығы, Дешті Қыпшақ, Моғолстан

**Алғыс.** Жұмыс Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің (бағдарламалық-мақсатты қаржыландыру № BR18574101) қаржылық қолдауымен орындалды.

**Дәйексөз үшін:** Әдиет Қ.Б., Қалиев Ж. XV–XVI ғғ. Қазақ хандығы және Моғолстан мемлекеті // «Edu.e-history.kz» электрондық ғылыми журналы. 2023. Т. 10. № 4. 692–703 бб. (Қаз.). DOI: 10.51943/2710-3994\_2023\_10\_4\_692-703

## КАЗАХСКОЕ ХАНСТВО И МОГУЛИСТАН XV–XVI ВВ.

Қайыркен Әдиет Балтағұлұлы<sup>1\*</sup>, Жабай Қалиев<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Институт истории государства МНВО РК  
(д. 4, улица Бейбитшилик, 010000 Астана, Республика Казахстан)

Старший научный сотрудник, PhD

📄 <https://orcid.org/0000-0002-1127-2664>. E-mail: [kairken82@gmail.com](mailto:kairken82@gmail.com)

\*Координирующий автор

<sup>2</sup>Институт истории государства МНВО РК  
(д. 4, улица Бейбитшилик, 010000 Астана, Республика Казахстан)  
Заместитель директора Института, к.п.н.  
<https://orcid.org/0000-0002-7469-0396>. E-mail: [kaliev\\_zhabai@mail.ru](mailto:kaliev_zhabai@mail.ru)

© ИИЭ имени Ч.Ч. Валиханова, 2023  
© Адиев К.Б., Калиев Ж., 2023

**Аннотация.** *Введение.* История Могулистана, ставших первым тюрко-монгольским государством, является одной из наименее изученных тем в политической и культурной истории средневекового Казахстана. Историческое значение Могулистана в истории казахов не только предопределило дальнейшую судьбу казахов. Сама ранняя история казахского ханства была тесно связана с историей этого государства. *Цели исследования.* Анализированное дополнение сведений, касающихся истории государства Могулистан в отечественной исторической науке. В статье предпринята попытка рассмотрения периодов возникновения, расцвета и упадка каганата, названного «восточным Чагатайским улусом», «государством Моголстан». *Результаты.* На основе анализа исторических источников всесторонне показано, что Казахское ханство находилось в различных взаимоотношениях с Могулистаном. Изучены отношения Казахского ханства с Могулистаном, которые являются важнейшими во внешнеполитической истории раннего периода. *Вывод.* На основе анализа исторических материалов автор сделал вывод, что государство Могулистан в истории казахов является одной из стран, стоящих у истоков казахской государственности.

**Ключевые слова:** Чагатайский улус, казах, Жетысу, Махмуд ибн Вали, Восточный Туркестан, могол, Казахское ханство, Дешт-и-Кипчак, Могулистан

**Благодарность.** Работа выполнена при финансовой поддержке Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан (программно-целевое финансирование № BR18574101).

**Для цитирования:** Адиев К.Б., Калиев Ж. Казахское ханство и Могулистан XV–XVI вв. // Электронный научный журнал «edu.e-history.kz». 2023. Т. 10. № 4. С. 692–703. (На Каз.). DOI: 10.51943/2710-3994\_2023\_10\_4\_692-703

### Кіріспе

XIV ғасырдың ортасында Шағатай ұлысының ыдырауы нәтижесінде пайда болған Моғолстан мемлекеті қазақтар мен Қазақ хандығының ерте тарихында үлкен маңызға ие болды. Моғолстан аумағына қазақ жерінің оңтүстік және оңтүстік-шығыс Жетісу аймақтары да кірген. Моғолстан мемлекеті батыс тарихнамасында «Шығыс Шағатай хандығы» деген атаумен белгілі. Қазіргі Шығыс Түркістан, Оңтүстік-Шығыс Қазақстан, Қырғызстан аумақтары Шағатай ұлысы мен Үгедейге бөлінген болатын. Тарихи деректерде XIII–XVII ғасырларда Шағатай ұлысының шығыс бөлігінде өмір сүрген түрік тілдес тайпалар моғолдар деп аталды. Бұл аймақта көшпелі өмір салты сақталды. Моңғол империясының басқа аймақтарымен салыстырғанда моңғол тайпалары арлат, чорос, калушы, барлас т.б. осы жерлерге көптеп қоныс аударды. Аталған аймақта дулат, қаңлы, үйсін, арғын, қыпшақ, найман т.б. түрік тайпалары көптігінің салдарынан моңғол тайпалары көп ұзамай түріктенді (Владимирцов, 1934: 125). Бастапқыда моңғол тайпалары өздерінің басымдығын көрсеткенімен саны басым түркі тайпалары моңғолдарды өздеріне сіңіре бастаған. XIV ғасырда жергілікті түрік халықтарымен ассимиляция үдерісі аяқталғанымен, «моғол» және «Моғолстан» атаулары қолданыла берді (Бартольд, 1968: 169). Моғолстанның этникалық құрамын Орталық Азиядан қоныс аударған жергілікті түрік және түрік-моңғол тайпалары құрады.

XIV ғасырдың ортасында Шағатай ұлысы екі бөлек мемлекетке ыдырағаннан кейін «Шағатай» термині тек батыс бөлігінде ғана сақталған. Ал шығыс бөлігінде «моғол» атауы

Шағатай ұлысының шығыс бөлігіндегі мемлекет атауына еніп Моғолстан мемлекеті атауына ие болды. Яғни, XVI ғасырларға таман моғол этнонимі Моғолстан мемлекетінің бүкіл халқының тұтас атауына айналды. «Моңғолдар Моғолстандағы саяси және әскери элита болып қала берді, олардың әскерлерінің көпшілігін түркі жауынгерлері құрады» - деп атап өтеді (Аристов, 1896: 277). Сондай-ақ «Шағатайлықтардың соңғы ханы Исламды қабылдады, осылайша Исламның ықпалын шығысқа Турфан және солтүстікке қарай Ілеге дейін кеңейтті. Басшылық моңғол болса да, халқының негізі ирандықтар мен түркілер болды» (Stanley, 2000: 155–170) деген пікір білдіріп Моғолстан тарихына егжей-тегжейлі тоқталмаса да түртіп өтеді. Сонымен қатар, бүгінгі күнге дейін Моғолстанның қазақтар мен Қазақ хандығының тарихындағы орны мен маңызы, оның кейбір жекелеген кезеңдері арнайы зерттелмеген. Бұл зерттеу жұмысының мақсаты Моғолстан тарихын қазақтар мен Қазақ хандығының тарихындағы орны мен маңызын зерттеу болды.

### **Материалдар мен әдіс-тәсілдері**

Шығыс тарихнамасында «Тарихи Рашиди», «Шайбани нама», «Бахр әл-асрар» шығармалары қазақтар мен Қазақ хандығының тарихындағы Моғолстанды зерттеудің негізгі дереккөздері болды. Бұл шығармалар басқа тарихи еңбектердің материалдарымен толықтырылып, арнайы ғылыми зерттеулердің нәтижелерімен салыстырылды.

Зерттеуді жүргізу барысында зерттелетін мәселеге негізгі факторды анықтайтын және даму заңдылықтарын айқындауға мүмкіндік беретін жалпы ғылыми әдістермен қатар эмпирикалық, проблемалық-хронологиялық, тарихи талдау мен жинақтау және тарихи салыстыру жүйелілік әдістері қолданылды.

### **Талқылау**

Қазақтар мен Қазақ хандығының тарихындағы Моғолстанның тарихы аз зерттелгенін атап өткен жөн. Сондай-ақ ғалымдардың арнайы зерттеу объектісіне өте кеш айналғандығын да айтып кетуге болады. Бұл тақырыпты зерттеген тарихшы-ғалымдар қазақ тарихының әр қырын ашуға арналған зерттеулерде тарихнамалық бөлімдерінде қамтуға ұмтылады. Моғолдар тарихы мен олардың мемлекеттілігі туралы маңызды ғылыми еңбектерді Бартольд В.В., Мұса Сайрамы, Юдин В.П., Сұлтанов Т.И., Акимушкин О.Ф., Қараев О.К. тағы басқалары жүргізді (Қазақстан тарихы: 1998, 121). Қазақстан тарихы басылымы, басқа республикалардың осындай жалпылама еңбектеріндегідей, осы мәселе бойынша ғылыми жетістіктерді қорытындылады. Аталған ғалымдар өз еңбектерінде шығыс жазба дереккөздері мен ғылыми еңбектерінің негізінде моғолдар мен Моғолстанның тарихын баяндайды. Өз еңбектерінде Моғолстан тарихы және оның қазақтар, Қазақ хандығы тарихына қатысты тұстарын талдайды. Салмақты тарихи еңбектерде Моғолстан мемлекеті, қазақтар мен Қазақ хандығының ерте тарихы кезеңін зерделеуге, олардың қарым-қатынастарын айқындауда, оның орны мен маңызын айқындауда Бартольд В.В., Пищулина К.А., Юдин В.П., Сұлтанов Т.И., Акимушкин О.Ф., Қараев О.К. елеулі үлес қосқандығын атап өткен жөн. Зерттелетін тақырып бойынша көптеген кеңестік және шетелдік еңбектердің ішінде бірқатар басқа авторлардың Бернштам А.Н., Бичурин Н.Я., Грумм-Гржимайло Г.Е., Гуревич Б.П., Вамбери Г. тағы басқаларының еңбектерін атап өткен жөн. Бүгінгі таңда Моғолстан тарихы жеткілікті зерттелген тақырып деп айта алмаймыз. Алайда, бұл тақырыптың ауқымды отандық және шетелдік тарихнамасы бар. Отандық зерттеушілер бұл тақырыпты жан-жақты зерттеуге тырысты. Бірақ кемшің тұстары әлі де бар екендігін мойындауымыз керек. ҚР Ғылым Академиясы Шығыстану институты, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ғалымдарының, Санкт-Петербург, Қазан, Ташкент тарих ғылымы мектептерінің зерттеу еңбектері біз көтеріп отырған тақырыпты ашуға айтарлықтай үлес қосты. Жоғарыда айтылғандардан елімізде ортағасырлық Шағатай ұлысы, Хайду мемлекеті, Моғолстан тарихын зерделеу біршама қолға алынғанын көре аламыз.



### Зерттеу нәтижелері

XIV–XV ғасырлардағы Оңтүстік-шығыс Қазақстанның этносаяси және әлеуметтік тарихын зерттеу далалықтарға ортақ бірқатар зерттеу мәселелерін шешумен байланысты екені сөзсіз. Қазақ қоғамына, әсіресе көршілес отырықшы-егіншілік аймақтардың тұрғындарымен тұрақты шаруашылық, саяси, мәдени байланыстар жағдайында, үдемелі дамудың кейбір экономикалық мүмкіндіктері тән болды. Ақ Орда және Моғолстан сияқты мемлекеттердің бүкіл алдыңғы тарихымен байланысты Қазақ хандығының құрылуы әлеуметтік-экономикалық және этникалық үдерістердің алғышарттары мен нәтижесі болды. Сондықтан ежелгі дәуір және моңғол шапқыншылығы кезеңінен ерекшеленді. Моғолстан Жетісудағы көптеген түркі тайпаларының этникалық бірлігі үшін қолайлы жағдай жасады. XIV–XV ғасырларда негізінен Қазақстан аумағында өзінің «қазақ» этникалық атауын алған халық қалыптасты. Қазақ халқының бірігуін аяқтаған Жетісуда қалыптасқан «Қазақ хандығы» еді. Алғаш рет қазақ халқының қалыптасқан барлық дерлік этникалық топтарын және оның бүкіл Қазақстан аумағындағы этникалық аумағын біріктірді (Пищулина, 1977: 270). «Қазақ хандығының құрылуы – қазақ халқының тарихында аса маңызды белестердің бірі. Небәрі 10 жыл көлемінде (1459–1470) қазақтар Орталық Азияда елді біріктіре алған қуатты ұлттық мемлекет құрды» деп жазады (Исин, 2002: 125). Қазақ хандығының құрылу кезеңін баян еткен шығыс жылнамаларын талдап шыққан зерттеуші-ғалым Т.И. Сұлтанов Керей мен Жәнібектің Әбілқайыр ханнан бөлініп шығу жылын 1459–1460 жж. деп көрсеткен болатын (Сұлтанов, 2006: 121). Тұжырымдай келсек, қазіргі қазақ жерінде өмір кешкен байырғы бүкіл халықтар өзін «қазақ» деп атай бастады. Сөйтіп ол этникалық атау дәрежесіне көтерілген болатын. Арқадағы «көшпелі өзбектер» мен Жетісудағы «моғолдар» қазақ атауын қабылдап, бүкіл халықтың, мемлекеттің атауы болып қабылданған. «Қазақ» этникалық қауымдастығы біржола орнықты.

Мұхаммед Қайдар Дулат «Қазіргі уақытта Моғолстан деп аталатын аймақтың ұзындығы мен ені жеті-сегіз айлық жол болады. Оның шығыс шекарасы қалмақтардың жері – Барыс көл, Еміл мен Ертіске тіреледі. Солтүстігінде Көкше теңіз, Буш Лиш және Қаратал, батыс шекарасы – Түркістан мен Ташкент – оңтүстігінде Ферғана, Қашқар, Ақсу, Шалыш, Турфанмен шектеседі. Осы төрт шекаралас аймақтардың ішінен мен Моғолстанның оңтүстік аймағын көрдім. Ташкенттен Әндіжанға дейін он күндік жол, Әндіжаннан Қашқарға дейін жиырма күн, ал ол жерден Ақсуға шейін он бес күндік жол. Ақсудан Шалышқа дейін жиырма күндік, Шалыштан (Қарашар қаласының ескі атауы) Турфанға дейін он күндік, Турфаннан Барыскөлге шейін он бес күндік жол. Барыскөл – Моғолстанның шығыс шекарасы. Барлық оңтүстік шекарасын салт атпен орташа жүріп отырғанда, үш айлық жол» (Мұхаммед Қайдар Дулат, 2017: 486) - деп Тарих-и Рашиди еңбегінде Моғолстанның жер аумағын сипаттап жазады. Бұл еңбектен біз Моғолстанның нақты территориялық аумағын көре аламыз.

XV ғасырдың бірінші жартысында Моғолстанның саяси тарихы аласапыран соғыстар, жанжалдар, көрші мемлекеттердің шабуылдарына тойтарыс беруге толы болды. Уәйіс хан қайтыс болғаннан кейін Моғолстан алауыздықтар мен бүліктерге тап болды. Билеуші таптың көпшілігі Уәйіс ханның жас баласы Есенбұғаны қолдап билікке әкелді. Бұл оқиғаны Мұхаммед Қайдар Дулат былай деп жазады: «Жүніс хан Мәуереннаһрға кеткен соң ұлыс түгелдей Есенбұға ханға бағынады. Бірнеше жыл осылай өтті. Хан жастығы мен кәмелетке толмауы себеп әмірлерді зәбірлеуге тырысатын» (Мұхаммед Қайдар Дулат, 2017: 107 б.). Бірнеше жылдар бойы елде толық бассыздық орнады. Әр тайпа әмірлері, әр қала билеушілері Есенбұғаның билігін мойындамай өзін билеуші деп жариялады. Есенбұға билік еткен алғашқы жылдары Моғолстанда орталық билік әлсіреп, хан беделі төмендеді (Ахмедов, 1965: 56). Осы аласапыран «қазақ» этникалық қауымдастығының қалыптасуына зор мүмкіндік берді. Есенбұға 1457–1758 жж. көшпелі өзбектер мемлекетінен бөлініп, өзіне көшіп келген Керей мен Жәнібек сұлтандарға Шу мен Талас өзені бойы Қозыбасы өңірін беріп, оларды өзіне тосқауыл әрі одақтас етеді (Сұлтанов, 1971: 54–57). Жәнібек пен Керей туы астына біріккен көптеген қазақ рулары мен тайпаларына сүйене отырып,

Есенбұға да өзінің ішкі саяси жағдайын нығайтуды көздеді. Алайда, бірінен соң бірі Көшпелі өзбектер мемлекетінен Қазақ хандығы туы астына келіп толығып жатқан қазақ тайпаларын тойтаруға Моғолстан билеушісінің нақты күші болған жоқ. Қазақ хандарының Моғолстандағы алғашқы кезеңінде және әсіресе 1465 жылы хандық құрылғаннан кейін де мүлдем тәуелсіз саясат жасағандығын айта аламыз (Махмуд ибн Вали, 1983: 66). Моғол билеушілері қазақ жерінде өзіне тиімді билігін орнату мақсаты мүлде болған жоқ. Есенбұға батысындағы шекарасын нығайту, батыс жақтан туындайтын қауіптерге қалқан болу үшін басты одақтастық қатынас орнатқан. Бұл оқиға: «Сол заманда Әбілқайыр хан қыпшақ даласында түгелдей билігін жүргізіп отырған кезі еді. «Жошы» ұрпағының сұлтандары жорық жасап, Жәнібек пен Керей хан одан қашып, Моғолстанға келіп қалған еді. Есенбұға хан оларды құрметтеп қарсы алып, Шу маңы мен «Қозыбасыны» тапсырған еді. Ол аймақ Моғолстанның батыс шегі еді. Олар бұл аймақта тыныш өмір сүрген. Әбілқайыр хан қайтыс болған соң Көшпелі өзбек ұлысы бір-бірімен шайқасып, араларында көп келіспеушілік туды. Олардың көбісі Керей мен Жәнібек хандардың жанына барған еді. Олардың саны екі жүз мыңға жететін. Олар өзбек-қазақ деп аталды. Алғаш қазақ сұлтандарының билігі 1465 милади жылы құрылған. 1533 милади жылға дейін қазақтар толықтай билік тізгінін ұстап тұрды» - деп жазады (Мұхаммед Қайдар Дулат, 2017: 109).

Махмұд ибн Уәли Шайбандық Әбілқайыр хан билеген көшпелі өзбектер мемлекетінен бөлініп, Керей мен Жәнібек хандармен бірге Моғолстанға қоныстанған көшпелі өзбек тайпаларын «қазақтар» деп атайды (Махмуд ибн Вали, 1983: 74), ал Батыс Моғолстан Есенбұға хан рұқсатымен қоныстанған өзбек-қазақтар ұлысы деп атайды. Осы кезеңде Есенбұға жеткілікті әскери күшке ие болды. Сонымен қатар Темір әулеті иелігі аумағына бірнеше рет басып кіріп, Моғолстанның құрамына Сайрамнан Ашпараға дейінгі аумақты қайта қосты. Онда Жәнібек пен Керейге берілген жердің бір бөлігі орналастырылды. Пищулина К.А. Жәнібек пен Керей келгенге дейін Есенбұғада жауды қуып шығатын нақты күші болмағанын айтады. Моғолстанның бұл бытыраңқылық жағдайы Жетісу аймағында қазақ хандарының нығаюына ықпал еткені сөзсіз. Жетісу қазақтары мен Алатау қырғыздарының тарихи тағдырлары үшін, сондай-ақ Моғолстанға да Қазақ хандығы құрылуының маңызы өте зор (Пищулина, 1977: 267). Ал, 1462 жылы моғол хандығы Батыс Моғолстан және Шығыс Моғолстан болып екі бөлікке бөлінді. Яғни, XV ғасырдың ортасында Моғол хандығынан Шу мен Талас өзендерінде кеткен тайпалар еді.

Қазақ тайпалары Дешті Қыпшақтан Моғолстанға қарай ғана жаппай қоныс аударған жоқ. Деректерде керісінше, Моғолстаннан, оның ішінде Жетісудан, Дешті Қыпшаққа Көшпелі өзбектер мемлекетіне қоныс аударғандығы жайлы да аталып өтіледі. Бұл сол замандағы қазақ даласы саяси жағдайдың күрделі кезеңін басынан кешіп жатқандығын айғақтайды (Султанов, 1971: 54–57).

Есенбұға хан дәуірінен бастап, Рашид хан заманына дейін моғол мен қазақ арасында достық пен татулық болған. Бірақта Рашид сұлтан оларды бұзды (Мұхаммед Қайдар Дулат, 2017: 110). Рашид хан таққа отыра, өзбек-қазақтармен одақтан бас тартып, ежелгі жаулары Мәуереннаһрлық Шайбандықтармен одақ құра отырып, әдеттегі сыртқы саяси бағытты күрт өзгертті. 1537 жылы одақтастар әскерлері Ыстықкөл маңында қазақтарды жеңді (Махмуд ибн Вали, 1983: 192). Шайқас өткен жерді Шах Махмұд Шорас Еміл өзені деп атайды (Шах-Махмуд Чорас, 1976: 57). Сондай-ақ Абд ар-Рашид ханның қазақтармен шайқас 1550–1556 жылдар аралығында болуы керек еді. Алайда С.К. Ибрагимов «перед походом на казахов и киргизов 16. VI 1537 г. Абд ар-Рашид-хан вместе с Ходжа Мухаммад Шарифом молился на мазаре Хазрат Иусуф Кадыр-хана» деректі келтіре отырып, объяснение может быть только одно: Рашид хан встречался в боях с казахами не один, а несколько раз» деген тұжырым жасайды (Ибрагимов, 1969: 406). Нәтижесінде Рашид хан билігі Моғолстанға тарады. Мұхаммед Салих өзбектердің моғолдар, әсіресе Ташкент билеушісі Сұлтан Махмұд ханмен қарым-қатынасы (1488 жылдан бастап билік құрған) және Әмір Темір мемлекетінің жағдайы туралы егжей-тегжейлі баяндайды (Мухаммед Салих, 1989: 192), «Өздеріңіз білетіндей, Мәуереннаһрдың Әмір Темір әулеті билеушілері көшпелі өзбектерді

моғолдармен күресуге тартты. Олар осы уақытта Ташкент пен оның айналасына иелік етіп, Әмір Темір әулетінің солтүстік иеліктеріне үлкен қауіп төндірді. Өз кезегінде Ташкенттегі моғол билеушісі Сұлтан Махмұд хан да көшпелі өзбектердің Темір әулетіне қарсы күресте көмекке жүгінді. Мұхаммед Шайбан бастаған өзбектер бірде Ахмед сұлтанға қызмет етті. Содан кейін Сұлтан Махмұд ханға көмек көрсетті» - деп баяндайды (Мухаммед Салих, 1989: 192). 1553 жылы қазақтар мен қырғыздардың шапқыншылығын тоқтату үшін Рашид хан Ақсуға үлкен ұлы Ләтіп сұлтанды хәкім етіп тағайындады. Қазақ-қырғыздармен күресте Ләтіп сұлтан 1556 жылы қайтыс болды (Мұхаммед Қайдар Дулат, 2017: 154). Бұған жауап ретінде Рашид хан Ыстық көл маңында қазақтарды жеңіліске ұшыратты. Рашид-хан көптеген сәтті жорықтарына қарамастан, Моғолстанның батыс, солтүстік-батыс аумағын бағындыра алмады. Рашид хан бұрынғы аясында Моғолстанды қалпына келтіруге бірнеше рет әрекет жасады. Әскери жорықтар мен кез-келген дипломатиялық қадамдар ұйымдастырып, әулеттік байланыстар (қазақтың Таһир ханымен) орнатты (Мұхаммед Қайдар Дулат, 2017: 199). Әр жеңілістен кейін қазақ-қырғыздар Іле-Ертіс өзен аралығына қарай ығысып, қолайлы жағдайда қайта оралды. Бұл уақытта Моғолстанның орталық аймағы – Жетісу, Тәңіртау бөлігін айырылып қалған еді. Ол аумақта жергілікті қазақ және қырғыз тайпалары өздерінің саяси тәуелсіздігін нығайтты. Алайда қырғыздар біраз уақыт Сұлтан Ахмед ханның ұрпақтарын хан ретінде тартқан болатын (Пищулина, 1977: 273).

XV–XVI ғғ. аралығында Мұхаммед Шайбан ханның басшылығымен Шығыс Дешті Қыпшақтың көшпелі өзбек тайпалары өз күштерін Темір әулетіне тиесілі аумақты игеруге бағыттады. Бұл іс бірқатар нысаналы себептерге байланысты сәтті болды. 1500–1501 жылдары Мұхаммед Шайбан хан Бұхара мен Самарқандты жаулап алды. Мәуереннаһрдың осы ірі орталықтарын басып алуға Сұлтан Махмұд хан айтарлықтай әскери көмек көрсетті. Ханның бұл көмегі «асығыс» әрекет ретінде, яғни болашақта моғолдардың өздеріне қауіп төндіретін асығыс, ойланбаған қадам ретінде қарастырылады (Мұхаммед Қайдар Дулат, 2017: 155).

XVI ғасыр мен XVII ғасырлардың басында Сұлтан-Махмұд хан өзінің кейбір көреген сарай қызметкерлерінің ықпалымен Мұхаммед Шайбан ханға Мәуереннаһрды жаулап алуға қолдау көрсетті. Мұхаммед Шайбан хан Мәуереннаһрды жаулап алып, оған өз билігін орнатқаннан кейін өзбектер мен моғолдар арасындағы қарым-қатынас сипаты түбегейлі өзгерді (Атығаев, 2021: 57–64). Сұлтан Махмұд хан бір мезгілде қазақ-моғол әскери одағын қайта қалпына келтіруге тырысты. Одақты қалпына келтіру екі жақтың да мүдделеріне сай болды. Бірақ ол жүзеге аспады. Көп ұзамай болған оқиғалар келіссөздерді тоқтатқан сияқты (Атығаев, 2021: 57–64). Моғолдар мен өзбектер арасындағы шешуші шайқас 1503 жылы болды. Кескілескен шайқаста моғол әскері толық талқандалды. Моғол хандары екеуі де (Сұлтан Ахмед хан мен Сұлтан-Махмұд хан) өзбектерге тұтқынға түсті. Мұхаммед Шайбан хан оларға жақсы ниетті болып, оларды еркіндікке жіберді. Бірақ өзбек билеушісі Мұхаммед Шайбан ханның шарты бойынша моғол хандары Ташкент, Сайрамнан және иелігінің көп бөлігінен айрылды (Атығаев, 2021: 57–64). Сұлтан-Махмұд ханның барлық Орта Азиядағы иеліктері жеңімпаздың қолына өтті.

Сондай-ақ қазақтардың қысымымен Шағатайлықтар мен моғол бектері Жетісуды тастап Қашқарияға кетуге мәжбүр болды. Жетісу даласында көшіп жүрген ру-тайпалар қазақтардың құрамына кірді. Шамамен сол онжылдықтарда, Алатау қырғыздары өздері моғолдардан бөлінді. XVI ғасырдың 40-жылдарына таман моғолдар ең шалғай және ең саны аз халыққа айналды. Бүгінде олардың жұрнақтары Тұрпан мен Қашқарда қалуы мүмкін (Абусейтова, 2001: 248). Ол туралы «Сұлтан Махмұд хан мен Сұлтан Ахмед ханның қайтыс болуымен Шағатайлықтар қазақ және қырғыз тайпалары орныққан Моғолстан далаларында биліктен толықтай айырылды» - деп Мырза Мұхаммед Хайдар «Тарих-и Рашидиде» жазған. 1508–1509 жылғы апат уақыты барлық сұлтандарына тиді. Атап айтқанда моғол қағандары толығымен жойылды. Зұлматтан аман қалған моғол сұлтандары қуатты Қазақ хандығына сүйену ең жақсы жол деп түсінді. Олардың көпшілігі қазақ билеушілерінен қамқорлық іздей бастады (Атығаев, 2021: 57–64). Қазақ сұлтандарының бірі Бұрындық ханнан біраз уақыт пана тапқан моғол сұлтандарының бірі Сұлтан Ахмед ханның ұлы



Жүніс Темір еді. Мұхаммед Қайдар Дулат «қазақ-өзбек мемлекетінің басым бөлігін Керей ханнан кейін Бұрындық хан басқарды. Өз биліктерін жүргізген еді. Одан соң Жәнібек ханның ұлы Қасым хан басқарып, қыпшақ даласын толық биледі. Оның әскері мың мыңынан көбірек еді, яғни миллионнан көбірек болған. Жошы ханнан кейін сол жұртта одан ұлы хан болмаған еді. Қасым ханнан кейін оның ұлы Мамаш хан биледі. Одан соң Таһир хан биледі. Таһир хан заманында қазақ күйзелді. Одан кейін Бұйдаш хан билікті қолға алды. Қазақ Бұйдаш хан кезінде жиырма мың (оның 20 мың адамдай әскері) болып қалған еді ... 1533 милади жылы Бұйдаш дүние салды. Қазақ жаппай әлсіреді» - деген деректер келтіріледі (Мұхаммед Қайдар Дулат, 2017: 109). Қалай десек те бұл деректерден XVI ғасырдың басында қазақ хандықтары билігінің осы аймақта күш-қуаты артып, саяси аренада салмақты орын алғандығын көре аламыз.

Қазақ хандығының құрылуы кезінде белсене араласып, одан кейінгі кезеңдерде хандықтың күшеюіне өз үлесін қосқан Бұрындық ханның қазақ тарихында аты жарқырап көрінген тұсы XV ғасырдың 70–90-жылдары болды. Бұл жылдар қазақ хандығы үшін күшею, нығаю және қазақ халқының этникалық аумағын біріктіру жолындағы күрес дәуірі еді. Ал, XVI ғасырдың алғашқы жылдарында үлкен, мемлекеттік дәрежеде көрегендік көрсете алмайды. Алайда Моғолстанның ыдырай бастауы, оның батыс жерлеріндегі моғол тайпаларының басым бөлігінің қазақ хандығының қол астына қабылдана бастауы батыс аймағының қазақ билігіне өтуіне себеп болды. Этникалық қауымдарды бір мемлекетке біріктірудің бұл үдерісі, аймақтың бұрынғы этносаяси тарихының барысымен бапталды-деп атап өткен (Пишулина, 1977: 273). Тоғылық Темір ұрпақтары өз билігін тек Тұрпан мен Шалышта ғана сақтап қалды. Сұлтан Ахмед ханның ұлы Сұлтан Саидтың Мауараннахрдағы Бабырдың билігі кезінде Моғолстанның батыс бөлігіндегі билікті сақтап қалу әрекеті 1512 жылғы Бабырдың жеңілісінен кейін жағдай күрделене түсті. Жоғарыда атап кеткен Шығыс Моғолстан аймағына ғана билігі жүрген Сұлтан Саид хан Моғолстанның солтүстік жартысынан айырылып, тек Шығыс Түркістанның билеушілері болды. «Сұлтан Саид хан В.П. Юдин мен О.Ф. Акимушкин жазғандай жаңа мемлекет құрған жоқ. Шығыс Түркістанда билігін жүргізді. Ал Шығыс Түркістан моғол хандарының иелігінде болған аймақ еді. Олардың халқы этникалық, саяси және экономикалық жағынан бір-бірімен тығыз байланысты. Қазақтар мен қырғыздар Моғолстан мен Шығыс Түркістан аумағында өмір сүрді. Олар Тәңір таудың оңтүстігі мен солтүстік бетін көшіп-қонып жүрген» - деп атап өтеді (Караев, 1995: 93).

Қазақтың құдыретті ханы Қасымның қайтыс болуымен қазақ билеушілері арасындағы билікке талас, ішкі тұрақсыздықты пайдаланып Сұлтан Саид хан Жетісу мен Алатау қырғыздарына билігін орнатуға әрекет жасады. Осы мақсатта ол ұлы Рашид сұлтанның қолбасшылығымен батысқа әскер жіберді. Нәтижесінде бұл аймақты бағындырып алды. Біраз уақытқа Моғолстанның бір бөлігі қайтадан Шағатай билігінде болды (Атыгаев, 2023: 70). Осы тұста Таһир ханның әскери-саяси сәтсіздігі оны өз ұстанымдарын нығайту үшін одақтас іздеуге мәжбүр етті. 1524 жылғы қыста қазақтар мен моғолдардың одақтастықтарын қалпына келтіруге үміттеніп, Сұлтан Саид ханмен келіссөздерді бастады. Бұл жерде әулеттер арасында неке шарты да жүрді. Алайда әулеттік неке екеуінің арасында достықтың нығаюына әкелмеді. Оның себебі Таһир хан бір мезгілде Моғолстанның көп бөлігін басып алған қырғыз билеушілерімен келіссөзді жүргізді. Бұл келіссөздердің бастамашысы қырғыз манапы Мұхаммед болған (Атыгаев, 2023: 70). Алайда бұл әрекеттердің барлығы сәтсіз болды деуге болады. Сұлтан Саид ханның әрекеті Таһир ханмен арасындағы қарым-қатынастың шиеленісуіне әкелді. Осы уақытта Таһир хан Ташкенттің жаңа билеушісі Шайбандық Сұлтан Мұхаммед ханның қолдауы арқасында өзінің жағдайын нығайтып алды. Осыдан кейін Таһир хан моғол билеушілерімен ашық қарсылыққа шықты. 1525–1526 жж. Жетісуға қайта оралды (Атыгаев, 2023: 71). Қазақ ханының келгенін естіген қырғыз тайпаларының жартысы моғол сұлтандарынан кетіп, Таһир ханға қосылды. Қазақтар мен қырғыздардың бірігуі Рашид сұлтанның қыс ортасында Қошқарды тастап кетуге мәжбүр етті. Осыдан кейін қазақтар Іле өзеніне қарай жылжыды. Сұлтан Саид хан қазақтармен бітімгершілік

орнатуға тырысты. Алайда моғол ханының бұл әрекеті нәтижесіз болды. Бір уақыттарда Сұлтан Саид ханға қырғыздардың бір бөлігі қазақтарға қосылғандығы белгілі болды. Осы сәтті пайдаланып, ол Рашид сұлтанды қырғыздарға қарсы жорыққа жіберді. Қазақтар мен қырғыздардың моғолдарға қарсы біріккен әскери әрекеті сәтті болды (Акимушкин, 1970: 241). Таһир ханның тұсында ішкі алауыздықтар салдарынан батыс, оңтүстік, шығыста да барлық әрекеттері сәтсіздікке ұшырап, жер көлемі тарыла түсті.

«Өзара берік одақ жасасқан өзбек ханы Ұбайдолла мен моғол ханы Әбдірашид, бірі Мәуереннаһр жақтан, бірі Шығыс Түркістаннан шеру тартып аттанады. Моғол-өзбек қалың қолы Ыстық көлдің шығыс бетінде Сан-Таш деген жерде қосылады. Төрт халықтың таң азаннан түн қараңғылығына дейін созылған табандасқан қиян-кескі соғысында қазақ-қырғыз әскері түгелімен қырғынға ұшырайды. 1537 жылғы Сан-Таш деген жерде үлкен қанды шайқас болды. Сан-Таш ұрысы – Қазақ Ордасының әскери тарихындағы ең қаралы оқиғалардың бірі, бірақ ерлік пен елдік сынға түскен, ата жұрт мерейі, ордалы ұлыс мұраты жолындағы күрес құрбандарының рухы бүгінгі ұрпағын желеп-жебейтін, аруақты таңбалы күн» - деп жазады қазақтың заңғар жазушы, көрнекті ғалымы Мұхтар Мағауин (Мағауин, 1995: 26). Қазақ-қырғыздың қаншама ержүрек жауынгерлері шейіт болған Сан-Таш аңғарында ұлан-асыр ас беріп, биік қорым тұрғызған. 1537–1538 жж. Қазақ халқы басынан кешірген үлкен қиыншылықтарының бірі күйзеліс кезеңі болды. Оның билігі Жетісудағы қазақтар мен Ыстықкөлдегі қырғыздар арасында ғана сақталды. Ол жөнінде Мұхаммед Қайдар Дулат былай деп жазады: «...бүкіл халық бірақ бөлініп, оны тастап кетеді. Солай ол өзі және ұлы қалып, басқа ешкім қалмады. Екеуі ғана қырғыздарға қосылды». Моғол тайпаларын Жетісу мен Ыстықкөл бойынан ығыстырды. Себебі, Сұлтан Саид ханның да оларға қарсы күші жеткіліксіз болды.

1556 жылы Жетісу мен Ыстықкөл бойы толық қазақ-қырғыздарға өтті. Бұл кезде Қазақ хандығының басында Хақназар хан отырған еді. Қазақ хандығы қайта бірігіп, дами түсті. Өзінен бұрын бытыраңқы жағдайға түскен Қазақ хандығын қайта біріктірді. Хақназар қазақ-қырғыз одағын одан әрі нығайтты. Сол заманның тарихи деректерінде оны «қазақтар мен қырғыздардың қағаны» деп атады. Ол осы қазақ-қырғыз одағына сүйене отырып, Моғолстан хандарының Жетісу мен Ыстықкөл алабын жаулап алу әрекетіне тойтарыс берді. XVI ғасырда қырғыздар көбінесе қазақ хандарының билігінде болып олармен бірге Моғол хандарына қарсы күрес жүргізді. Сондықтан да қырғыздар моғол-өзбек әскерлерімен қақтығыстарда қазақтар жағына белсенді қатысты. Ол туралы деректерде былай жазылады: «1538 жылдан ұлыстық хан Хақназар қолына алды. Қиыншылық жылдарында ноғай мырзаларына тәуелді болған Хақназар саясаткерлігі, әскери қабілетімен дараланған. 1549 жылы Хақназар Орта Азия билеушілерін қолдап, Герат билеушілеріне қарсы Әмудария жағалауына дейін жорық жасаған» (Аяған және т.б., 2011: 132).

XVI ғасырдың ортасынан Моғолстанда Қызыр Қожа ұрпақтары арасында дүркін-дүркін тақ үшін күрес болып тұрды. Сонымен қатар Орта Азия мен Қазақстанға екі рет қарақшылық шабуыл жасаған қалмақтармен күрес жүрді. XVI ғасырдың ортасында Моғолстан біржола ыдырап, XVI ғасырдың соңында Рашид ханның ұрпағы Мұхаммед хан аға-інілері Абу Саидқа Қашқар мен Янги Хисар, Жүніс ханға Қарғалық, Рақым ханға Сарыкөл мен Бахан өңірін, Шах Қайдар сұлтанға Қотанды берді. Алайда Шағатайлық әулет XVII ғасырдың соңына дейін билікте болды. Мұны Шах Махмұд Шорасқа сілтеме жасай отырып, «Моғолстанда шағатайлық әулет хандары XVII ғасырдың соңына дейін билікте болды. Тарым өзені алабының оңтүстік бөлігінде үстемдік еткен негізгі тайпа Дулаттар болған. Ал Дулат әмірлері де, Шағатай хандары да өз мүдделерін мейлі батыстан Темір әулеті, кейінірек Шайбанилік өзбектердің шабуылдары болсын, солтүстік-батыстан қазақтардың басып кіруі немесе солтүстік пен оңтүстіктен моңғол жоңғарларының шабуылдарынан болсын бірқатар қауіп-қатерден қорғады» (Hodong, 1999: 93) - дейді. Алайда, қаншалықты қауіп-қатерлерден қорғанғанымен Моғолстан мемлекеті тәуелсіз мемлекет ретінде өмір сүруін тоқтатты. Нәтижесінде Қазақ хандығының құрамына Моғолстан жерлерінің едәуір бөлігі кірді. Сондай-ақ моғол тайпалары қазақ халқының құрамына енді.

## Қорытынды

Ішкі қайшылықтарға толы, өз ішінде бөлінген Моғолстан мемлекетінің батыс шекараларында 1465 жылы құрылған Керей мен Жәнібек сұлтандар мемлекеті, аз уақыттың ішінде бұрынғы шағатайлықтардың барлық иеліктерін тез басып алып Қазақ хандығын саяси аренаға шығарды.

Қазіргі Қазақстанның бір бөлігі белгілі бір уақыт аралығында Шағатай ұлысы мен Моғолстанның құрамына кірді. Сол себепті Моғолстан мемлекетінің тарихы да қазақ мемлекеттігі тарихының бір бөлімі ретінде қарастырылуы қажет. Себебі бұл біздің тарихымыздың құрамдас бөлігі болып табылады. Шыңғыс ханның жорығы кезінде келген арлат, чорос, калушы сияқты тайпалар уақыт өткен сайын жергілікті түркі тілдес тайпалармен араласып өздерінің моңғол атынан мүлде айырылған. XIV ғасырларда Моғолстанның негізгі халқы ретінде түркі тілдес қаңлы, дулат, үйсін, керейіт, арғын, қыпшақ, найман тағы басқа тайпалар өмір сүрген. Демек, бұл бір кездері Шағатай ұлысы/Моғолстан иелігі қазақтардың бір бөлігі болғандығын айғақтайды. Сондықтан да тарихымыздың ақтаңдақ беттерінің бірі Шағатай ұлысы мен Моғолстан зерделенуі керек.

## References

- Abuseitova, 2001 — *Abuseitova M.H.* Istoriya Kazahstana i Central'noi Azii [The history of Kazakhstan and Central Asia]. Almaty: Daik-Press, 2001. 611 p. (In Russ.)
- Ahmedov, 1965 — *Ahmedov B.A.* Gosudarstvo kochevyh uzbekov [The state of the nomadic Uzbeks]. Moscow: Nauka, 1965. 196 p. (In Russ.)
- Akimushkin, 1970 — *Akimushkin O.F.* K voprosu o vneshnepoliticheskikh svyazyah mogul'skogo gosudarstva s uzbekami i kazahami v 30-h godah 16-v.–60-h godah 17-v [On the issue of the Mogul state's foreign policy relations with Uzbeks and Kazakhs in the 1930s of the 16th century–60s of the 17th century]. Palestinskij sbornik, 1970. Issue 21(94). 241 p. (In Russ.)
- Aristov, 1896 — *Aristov N.A.* Zametki ob etnicheskom sostave tyurkskikh plemyon i narodnostej i svedeniya ob ih chislennosti [Notes on the ethnic composition of Turkic tribes and nationalities and information about their numbers]. Zhivaya starina, 1896. Issue III–IV. Pp. 277–456. (In Russ.)
- Atygaev, 2021 — *Atygaev N.A.* «Kazahskoe hanstvo i Mogulistan v XV–nachale XVI v.» [The Kazakh Khanate and Moghulistan in the XV – early XVI century]. Otan tarihy. 2021 No. 2(94). Pp. 57–64. (In Russ.)
- Atygaev, 2023 — *Atygaev N.A.* «Kazahskoe hanstvo: ocherki vneshnepoliticheskoi istorii XV–XVIII vekov» [The Kazakh Khanate: essays on the foreign policy history of the XV–XVIII centuries]. Almaty: ENII Yasavi, 2023. 225 p. (In Russ.)
- Ayagan etc., 2011 — *Ayagan B.G., Abzhanov H.M., Isin A.I.* Qazaq handygy tarihy: qurylyu, orleui, quldyrauy [History of the Kazakh Khanate: formation, rise, decline]. Almaty: Sozdık, 2011. 320 p. (In Kaz.)
- Bartold, 1968 — *Bartold V.V.* Sochinienia. Raboty po istorii i filologii tyurkskikh i mongol'skikh narodov [Works on the history and philology of the Turkic and Mongolian peoples]. Vol. V. Moscow: Nauka, 1968. Pp. 169–170. (In Russ.)
- Hodong, 1999 — *Hodong K.* The Early History of the Moghul Nomads: The Legacy of the Chagatai Khanate, in R. Amitai-Preiss and D. O. Morgan, eds., The Mongol Empire and its legacy. Leiden: Brill, 1999. Pp. 299–304. (In Eng.)
- Ibragimov et al., 1969 — *Ibragimov et al.* Materialy po istorii kazahskikh hanstv XV–XVIII vekov (izvlechenia iz persidskikh i türkskikh sochinieni) [Materials on the history of the Kazakh khanates of the XV–XVIII centuries: (extracts from Persian and Turkic writings)]. Academy of Sciences of the Kazakh SSR, Ch.Ch. Valikhanov Institute of History, Archeology and Ethnography. Alma-ata: Nauka Kazahskoi SSR, 1969. 648 p. (In Russ.)
- Isin, 2002 — *Isin A.* Kazahskoe hanstvo i Nogajskaya Orda vo vtoroj polovine 15–16 v. [The Kazakh Khanate and the Nogai Horde in the second half of the 15–16th centuries]. Semipalatinsk: Tengri, 2002. 139 p. (In Russ.)
- Karaev, 1995 — *Karaev O.K.* Chagatajskii ulus. Gosudarstvo Haidu. [Chagatai ulus. The State of Haidu]. Mogulistan. Bishkek: Kyrgyzstan, 1995. 160 p. (In Russ.)



- Magauin, 1995 — *Mühtar Mağauin* «Qazaq tarihyyn alippesi» [The alphabet of Kazakh history]. Almaty: Qazaqstan, 1995. 208 p. (In Kaz.)
- Mahmuda ibn Vali, 1983 — *Mahmuda ibn Vali*. «Bahr al-asrar» kak istochnik po social'no-ekonomicheskoy istorii Vostochnogo Turkestana XVI–XVII vv. [«Bahr al-asrar» as a source on the socio-economic history of East Turkestan of the XVI–XVII centuries]. Almaty: Nauka, 1983. 192 p. (In Russ.)
- Muhamed Qaidar Dulat, 2017 — *Muhamed Qaidar Dulat*. «Tarih-i Rashidi» [Tarikh-i Rashidi]. Almaty: Qazaqparat, 2017. 672 p. (In Kaz.)
- Muhammed Salih, 1989 — *Muhammed Salih*. Shejbaniname [Sheibaniname]. Preparation to publishing and introduction article by E. Shodiev. Tashkent: Izdatelstvo literatury i iskusstva, 1989. 334 p. (In Uzb.)
- Pishchulina, 1977 — *Pishchulina K.A.* Yugo-Vostochnyj Kazahstan v seredine XIV – nachale XVI vekov (voprosy politicheskoy i social'no-ekonomicheskoy istorii) [South-Eastern Kazakhstan in the middle of the XIX–early XVII centuries (issues of political and socio-economic history)]. Alma-Ata: Nauka, 1977. 283 p. (In Russ.)
- Qazaqstan tarihy, 1998 — *Qazaqstan tarihy (köne zamannan büginge deün)* [History of Kazakhstan (from ancient times to the present)]. Five volumes. Vol. 2. Almaty: Atamura, 1998. 648 p. (In Kaz.)
- Shah Makhmud Churas, 1976 — *Shah Makhmud ibn Myrza Fazyl Churas*. Khonika [Chronicle]. Critique, transl., comment., research and guide by Akimushkina O.F. Moscow: Nauka, 1976. 576 p. (In Russ.)
- Stanley, 2000 — *Stanley Toops* The Population Landscape of Xinjiang/East Turkestan. Inner Asia, Vol. 2. No. 2. Special Issue: Xinjiang, 2000. Pp. 155–170. (In Eng.)
- Sultanov, 1971 — *Sultanov T.I.* Nekotorye zamechaniya o nachale kazahskoy gosudarstvennosti [Some remarks about the beginning of the Kazakh statehood]. Bulletin of the Academy of Sciences of the Kazakh SSR. Social Sciences Series, 1971. No. 1. Pp. 54–57. (In Russ.)
- Sultanov, 2006 — *Sultanov T.I.* Potomki Chingiz-Hana. Podnyatye na belo j koshme [Descendants of Genghis Khan. Raised on a white felt mat]. Astana: Astana Damu-21, 2006. 256 p. (In Russ.)
- Vladimirtsov, 1934 — *Vladimirtsov B.Y.* Obshestvennyy stroi mongolov. Mongolskiy kochevoy feodalizm [The social system of the Mongols. Mongolian nomadic feudalism]. Leningrad: Izdatelstvo AN SSSR, 1934. 125 p. (In Russ.)

### Әдебиетгер

- Hodong, 1999 — *Hodong K.* The Early History of the Moghul Nomads: The Legacy of the Chagatai Khanate, in R. Amitai-Preiss and D. O. Morgan, eds., The Mongol Empire and its legacy, Leiden, 1999, Pp. 299–304.
- Stanley, 2000 — *Stanley Toops* The Population Landscape of Xinjiang/East Turkestan. Inner Asia, Vol. 2. No. 2. Special Issue: Xinjiang, 2000. Pp. 155–170.
- Абусейтова, 2001 — *Абусейтова М.Х.* История Казахстана и Центральной Азии. Алматы: Дайк-Пресс, 2001. 611 с.
- Акимушкин, 1970 — *Акимушкин О.Ф.* «К вопросу о внешнеполитических связях могольского государства с узбеками и казахами в 30-х годах 16-в.–60-х годах 17-в.». Палестинский сборник. 1970. Вып. 21(94). 241 с.
- Аристов, 1896 — *Аристов Н.А.* Заметки об этническом составе тюркских племён и народностей и сведения об их численности. Живая старина. 1896. Выпуск III–IV. С. 277–456.
- Атыгаев, 2021 — *Атыгаев Н.А.* «Казахское ханство и Могулистан в XV – начале XVI в.». Отан тарихы. 2021. № 2(94). С. 57–64.
- Атыгаев, 2023 — *Атыгаев Н.А.* «Казахское ханство: очерки внешнеполитической истории XV–XVIII веков». Алматы: ЕНИИ Ясави, 2023. 225 с.
- Ахмедов, 1965 — *Ахмедов Б.А.* Государство кочевых узбеков. Москва: Наука, 1965. 196 с.
- Аяған, т.б., 2011 — *Аяған Б.Ғ., Әбжанов Х.М., Исин А.И.* «Қазақ хандығы тарихы: құрылуы, өрлеуі, құлдырауы». Алматы: Сөздік, 2011. 320 б.
- Бартольд, 1968 — *Бартольд В.В.* Сочинения. Работы по истории и филологии тюркских и монгольских народов. Том V. Москва: Наука, 1968. С. 169–170.
- Владимирцов, 1934 — *Владимирцов Б.Я.* Общественный строй монголов. Монгольский кочевой феодализм. Ленинград: Издательство АН СССР, 1934. 125 с.

- Ибрагимов и др., 1969 — *Ибрагимов С.К. и др.* Материалы по истории казахских ханств XV–XVIII веков: (извлечения из персидских и тюркских сочинений). Академия наук КазССР, Институт истории, археологии и этнографии им. Ч.Ч. Валиханова. Алма-Ата: Наука Казахской ССР, 1969. 648 с.
- Исин, 2002 — *Исин А.* «Казахское ханство и Ногайская Орда во второй половине 15–16 в.». Семипалатинск: Тенгри, 2002. 139 с.
- Караев, 1995 — *Караев О.К.* Чагатайский улус. Государство Хайду. Могулистан. Бишкек: Кыргызстан, 1995. 160 с.
- Қазақстан тарихы, 1998 — *Қазақстан тарихы* (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 2-том. Алматы: Атамұра, 1998. 648 б.
- Мағауин, 1995 — *Мұхтар Мағауин.* «Қазақ тарихының әліппесі». Алматы: Қазақстан, 1995. 208 б.
- Махмуда ибн Вали, 1983 — *Махмуда ибн Вали.* «Бахр ал-асрар» как источник по социально-экономической истории Восточного Туркестана XVI–XVII вв. Алматы: Наука, 1983. 192 с.
- Мухаммед Салих, 1989 — *Мухаммед Салих.* Шейбанинаме. Подгот. к изд. и авт. вступ. ст. Э. Шодиев. Ташкент: Издательство литературы и искусства, 1989. 334 с.
- Мұхаммед Қайдар Дулат, 2017 — *Мұхаммед Қайдар Дулат.* Тарих-и Рашиди. Алматы: Қазакпарат, 2017. 672 б.
- Пищулина, 1977 — *Пищулина К.А.* Юго-Восточный Казахстан в середине XIV–начале XVI веков (вопросы политической и социально-экономической истории). Алма-Ата: Наука, 1977. 283 с.
- Султанов, 1971 — *Султанов Т.И.* Некоторые замечания о начале казахской государственности // Известия АН КазССР. Серия общественных наук, 1971. С. 54–57. №1.
- Султанов, 2006 — *Султанов Т.И.* Потомки Чингиз-Хана. Поднятые на белой кошме. Астана: Астана Даму-21, 2006. 256 с.
- Шах-Махмуд Чурас, 1976 — *Шах-Махмуд ибн Мирза Фазил Чурас.* Хроника // Крит. текст, пер., коммент., исслед. и указ. Акимускина О.Ф. Москва: Наука, 1976. 576 с.

## МАЗМҰНЫ

### ТЕОРИЯ ЖӘНЕ ӘДІСНАМА

<b>Нұрғазина Н.Д., Аманжолова А.Қ.</b> МОҒОЛСТАН МЕН ТЕМІР МЕМЛЕКЕТТЕРІ ТАРИХЫ БОЙЫНША ЖАЗБА ДЕРЕКТЕРДЕГІ ДӘСТҮРЛІ ИСЛАМНЫҢ КӨРІНІСІ.....	646
<b>Саидов И.М.</b> ШАРУА ҒЫНТҰМАҚТАСТЫҚ САЯСАТЫ: ІЗДЕУ, СТРАТЕГИЯЛАР ЖӘНЕ ТАКТИКА.....	661

### ТАРИХ

<b>Асанова Г.К., Әділбектегі Г.Ә., Сайн Ә.Д.</b> ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ АЛҒАШҚЫ ЖЫЛЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР.....	675
<b>Әдиет Қ.Б., Қалиев Ж.</b> XV–XVI ғғ. ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ ЖӘНЕ МОҒОЛСТАН МЕМЛЕКЕТІ.....	692
<b>Гейноуз Дж., Беркінбаев О.У.</b> ӘБЛПЕЙІЗ СҰЛТАН ЖӘНЕ ОНЫҢ ҰРПАҚТАРЫ.....	704
<b>Еришева Т.А., Қара Ә., Алпысбес М.А.</b> ТАРИХИ ЖАДЫ МӘСЕЛЕСІНІҢ ҚАЗАҚСТАНДА ЗЕРТТЕЛУІ: ТАРИХНАМАЛЫҚ ШОЛУ.....	725
<b>Жанқадамова Г.А., Оспанова Р.Р., Кариева Т.А.</b> ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАНҒА ҚОНЫСТАНҒАН «СЕНІМСІЗ ХАЛЫҚТАР» ОТАН ТАРИХЫН ЗЕРТТЕУ СЕГМЕНТІ РЕТІНДЕ.....	744
<b>Жылқышыбаева К.К.</b> ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ 1980–1990 ЖЫЛДАРДАҒЫ ТАРИХИ БІЛІМ БЕРУ.....	758
<b>Қаратаев Ә.Ә.</b> ШЕЖІРЕ БОЙЫНША ҰЛЫ ЖҮЗ ТАЙПАЛАРЫНЫҢ ШЫҒУЫ: ЖОШЫ ҰЛЫСЫ НЕМЕСЕ МОҒОЛСТАН?.....	772
<b>Марғұлан А.</b> XIII–XV ҒАСЫРЛАРДА АҚТӨБЕ-ЛАЕТИ АЛТЫН ОРДА ҚАЛАШЫҒЫНДА ҚЫШ ҰЛЫСТАРДЫ ЗЕРТТЕУ.....	790
<b>Сарсембина Қ.Қ., Қозыбаева М.М.</b> САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ӘЙЕЛДЕР ТАҒДЫРЫ (1920–1950 ЖЖ.).....	802
<b>Тастекова Г.Б., Алпысбес М., Ураков Д.Ж.</b> МЫРЗАҒАЗЫ ЕСПОЛОВ – АЛАШ ҚАЙРАТКЕРІ.....	815
<b>Токишқадиров Б.Б., Бақытжанова А., Қайрат Д.Қ.</b> 1920–1930 ЖЫЛДАР ҚАСІРЕТІ: МОҢҒОЛИЯҒА КӨШКЕН ҚАЗАҚТАР ТАҒДЫРЫ.....	830
<b>Шалманова Ә.Б., Бекназаров Р.А.</b> МОҢҒОЛИЯДАҒЫ ҚАЗАҚТАР: ЭТНОМӘДЕНИ, ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК- ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫНА ЖАЛПЫ ШОЛУ.....	843

### АНТРОПОЛОГИЯ

<b>Біләлова Г., Хабдулина М.</b> БОЗОҚ ҚАЛАШЫҒЫНДАҒЫ МҰСЫЛМАН ҚОРЫМЫНЫҢ ЖЕРЛЕУ РӘСІМІ.....	856
<b>Иуксел Ф.А., Қаражігітова Ә.Е., Қасенәлі А.Е.</b> ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР: САН ЖӘНЕ САПА (2021 ЖЫЛҒЫ ДЕРЕКТЕР НЕГІЗІНДЕ).....	869
<b>Ярыгин С., Сакенов С.</b> БУРАБАЙДАН КЕЗДЕЙСОҚ ТАБЫЛҒАН ҚОЛА ДӘУІРІНІҢ ЖӘДІГЕРЛЕРІ.....	885

## СОДЕРЖАНИЕ

## ТЕОРИЯ И МЕТОДОЛОГИИ

<b>Нургазина Н.Д., Аманжолова А.К.</b> ОТРАЖЕНИЕ ТРАДИЦИОННОГО ИСЛАМА В ПИСЬМЕННЫХ ИСТОЧНИКАХ ПО ИСТОРИИ МОГУЛИСТАНА И ГОСУДАРСТВА ТИМУРА.....	646
<b>Саидов И.М.</b> ПОЛИТИКА КООПЕРИРОВАНИЯ КРЕСТЬЯНСТВА: ПОИСК, СТРАТЕГИИ И ТАКТИКИ.....	661

## ИСТОРИЯ

<b>Асанова Г.К., Адильбектеги Г.А., Сайн Э.Д.</b> ПРОБЛЕМЫ ЭКОЛОГИИ В КАЗАХСТАНЕ В ПЕРВЫЕ ГОДЫ НЕЗАВИСИМОСТИ.....	675
<b>Адиет К.Б., Калиев Ж.</b> КАЗАХСКОЕ ХАНСТВО И МОГУЛИСТАН XV–XVI ВВ.....	692
<b>Гейноуз Дж., Беркинбаев О.У.</b> АБИЛПЕЙИЗ СУЛТАН И ЕГО ПОТОМКИ.....	704
<b>Еришева Т.А., Кара А., Алпысбес М.</b> ИЗУЧЕНИЕ ПРОБЛЕМЫ ИСТОРИЧЕСКОЙ ПАМЯТИ В КАЗАХСТАНЕ: ИСТОРИОГРАФИЧЕСКИЙ ОБЗОР.....	725
<b>Жанкадамова Г.А., Оспанова Р.Р., Кариева Т.А.</b> РАССЕЛЕННЫЕ В ВОСТОЧНОМ КАЗАХСТАНЕ «НЕБЛАГОНАДЕЖНЫЕ НАРОДЫ» КАК СЕГМЕНТ В ИЗУЧЕНИИ ОТЕЧЕСТВЕННОЙ ИСТОРИИ.....	744
<b>Жылкышыбаева К.К.</b> ИСТОРИЧЕСКОЕ ОБРАЗОВАНИЕ В КАЗАХСТАНЕ (1980–1990 ГГ.).....	758
<b>Каратаев А.А.</b> ПРОИСХОЖДЕНИЕ ПЛЕМЕН СТАРШЕГО ЖУЗА ПО ШЕЖИРЕ: УЛУС ДЖУЧИ ИЛИ МОГУЛИСТАН?.....	772
<b>Маргулан А.</b> ИЗУЧЕНИЕ ГОНЧАРНОЙ КЕРАМИКИ В ЗОЛОТООРДЫНСКОМ ГОРОДИЩЕ АКТОБЕ-ЛАЭТИ В XIII–XV ВЕКАХ.....	790
<b>Сарсембина К.К., Козыбаева М.М.</b> СУДЬБЫ КАЗАХСТАНСКИХ ЖЕНЩИН В ГОДЫ ПОЛИТИЧЕСКИХ РЕПРЕССИЙ (1920–1950 ГГ.).....	802
<b>Тастекова Г.Б., Алпысбес М., Ураков Д.Ж.</b> МЫРЗАГАЗЫ ЕСПОНОВ – ДЕЯТЕЛЬ АЛАШ.....	815
<b>Токишкадиров Б.Б., Бакытжанова А., Кайрат Д.К.</b> ТРАГЕДИЯ 1920–1930-Х ГГ.: СУДЬБА КАЗАХОВ, ПЕРЕЕХАВШИХ В МОНГОЛИЮ.....	830
<b>Шалманова А.Б., Бекназаров Р.А.</b> КАЗАХИ В МОНГОЛИИ: ОБЩИЙ ОБЗОР ЭТНОКУЛЬТУРНОГО, ДЕМОГРАФИЧЕСКОГО И СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКОГО РАЗВИТИЯ.....	843

## АНТРОПОЛОГИЯ

<b>Билялова Г., Хабдулина М.</b> ПОГРЕБАЛЬНЫЙ ОБРЯД МУСУЛЬМАНСКОГО НЕКРОПОЛЯ ГОРОДИЩА БОЗОК.....	856
<b>Иуксел Ф.А., Каражигитова А.Е., Касенали А.Е.</b> АРХЕОЛОГИЧЕСКИЕ ИССЛЕДОВАНИЯ В КАЗАХСТАНЕ: КОЛИЧЕСТВО И КАЧЕСТВО (НА ОСНОВЕ ДАННЫХ ЗА 2021 ГОДА).....	869
<b>Ярыгин С., Сакенов С.</b> СЛУЧАЙНЫЕ НАХОДКИ ЭПОХИ БРОНЗЫ ИЗ БУРАБАЯ.....	885



## CONTENTS

## THEORY OF METHODOLOGY

<b>Nurtazina N.D., Amanzholova A.K.</b> REFLECTION OF TRADITIONAL ISLAM IN WRITTEN SOURCES ON THE HISTORY OF MOGHULISTAN AND TIMUR'S STATE.....	646
<b>Saidov I.M.</b> POLICY OF COOPERATION OF THE PEASANTRY: SEARCH, STRATEGIES AND TACTICS.....	661

## HISTORY

<b>Assanova G., Adilbektegi G., Sain E.</b> ECOLOGICAL PROBLEMS IN KAZAKHSTAN IN THE FIRST YEARS OF INDEPENDENCE.....	675
<b>Adiyet K., Kaliev Zh.</b> KAZAKH KHANATE AND MOGHOLISTAN (15th–16th CENTURIES).....	692
<b>Gainous J., Berkinbaev O.U.</b> ABILPEIZ SULTAN AND HIS DESCENDANTS.....	704
<b>Yerisheva T., Kara A., Alpysbes M.</b> STUDYING OF THE HISTORICAL MEMORY PROBLEM IN KAZAKHSTAN: A HISTORIOGRAPHICAL REVIEW.....	725
<b>Zhankadamova G.A. Ospanova R.R., Kariyeva T.A.</b> "THE UNRELIABLE PEOPLES" DISPERSED IN EASTERN KAZAKHSTAN AS A SEGMENT IN THE STUDY OF DOMESTIC HISTORY.....	744
<b>Zhylkyshybayeva K.</b> HISTORICAL EDUCATION IN KAZAKHSTAN IN 1980–1990.....	758
<b>Karatayev A.A.</b> ORIGIN OF THE TRIBES OF THE SENIOR ZHUZ ACCORDING TO SHEZHIRE: ULUS JUCHI OR MOGULISTAN?.....	772
<b>Margulan A.</b> THE STUDY OF POTTERY CERAMICS IN THE GOLDEN HORDE SETTLEMENT OF AKTOBE-LAETI IN THE XIII–XV CENTURIES.....	790
<b>Sarsembina K.K., Kozybayeva M.M.</b> THE FATE OF KAZAKHSTAN WOMEN DURING THE YEARS OF POLITICAL REPRESSIONS (1920–1950).....	802
<b>Tastekova G.B., Alpysbes M.A., Urakov D.Zh.</b> MYRZAGAZY ESPOLOV – ALASH ACTIVIS.....	815
<b>Tokishkadirov B.B., Bakytzhanova A.B., Kairat D.K.</b> TRAGEDY OF THE 1920–1930S: THE FATE OF THE KAZAKHS WHO MOVED TO MONGOLIA.....	830
<b>Shalmanova A., Beknazarov R.</b> KAZAKHS IN MONGOLIA: A GENERAL OVERVIEW OF THE ETHNOCULTURAL, DEMOGRAPHIC AND SOCIO-ECONOMIC DEVELOPMENT.....	843

## ANTHROPOLOGY

<b>Bilyalova G., Khabdulina M.</b> THE FUNERARY RITUAL IN THE MUSLIM BURIAL GROUND OF THE BOZOK SETTLEMENT.....	856
<b>Yuksel F.A., Karazhigitova A., Kassenali A.</b> ARCHAEOLOGICAL RESEARCH IN KAZAKHSTAN: QUANTITY AND QUALITY (ACCORDING TO THE DATA OF 2021).....	869
<b>Yarygin S., Sakenov S.</b> CHANCE FINDS OF THE BRONZE AGE FROM BURABAY.....	885

---

**EDU.E-HISTORY.KZ**

электрондық ғылыми

журналы 2023. 10 (4)

*Бас редактор:*  
*Қабылдинов З.Е.*

*Компьютерде беттеген:*  
Копеева С.Ж.

Жарияланған күні: 25.12.2023.  
Пішімі 70x100/16. Баспа табағы 21,125.

*Құрылтайшысы және баспагері:*  
Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым  
комитеті Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты  
ШЖҚ РМҚ

*Редакция мен баспаның мекен-жайы:*  
050010, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй  
ҚР ҒЖБМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ  
РМҚ Тел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

Е-mail: [edu.history@bk.ru](mailto:edu.history@bk.ru)  
Журнал сайты: <https://edu.e-history.kz>

Ш.Ш. Уәлиханов ат. ТжЭИ басылған:  
050010 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй

---